

"Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 желтоқсан N 1332

Қаржы-несие жүйесін жетілдіру және ауыл шаруашылығында жүргізілетін реформаларды қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамымен бірлесіп Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісе отырып "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамының талаптарын өтеу есебіне қайтарылатын ақшадан (қосымшаға сәйкес):

"Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау" жабық акционерлік қоғамының 66 (алпыс алты) миллион теңге мөлшеріндегі жарғылық капиталын қалыптастыруды;

1998 және 1999 жылдарға арналған республикалық бюджеттің кіріс бөлігінде салынған қаражаттың бюджетке түсуін;

жоғарыда аталған шарттар орындалғаннан кейін, қалған ақшаның есебінен, ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен және ұқсатумен байланысты мақсаттарға ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін қайта инвестициялауды қамтамасыз етсін.

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.08. N 1334 қаулысымен. Р 9 9 1 3 3 4 _

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және "Ауыл шаруашылығын қаржылай жабық акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, бір ай мерзім ішінде талап құқықтарын беру (сату) шартын жасасу құқығына тендер өткізудің тәртібін әзірлесін.

4. "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамына бұрын Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдаудың мемлекеттік қорының балансына берілген борышты талап ету құқығын конкурстық негізде беруді (сатуды) ұйымдастыру ұсынылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1998 жылғы

ҚОСЫМША

Заң актілері, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің Сомасы	нормативтік құқықтық актілері млн.
--	-------------------------------------

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 мамырдағы N 651 P960651_ қаулысына сәйкес директивтік және орталықтандырылған несиелер 5274,9

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 14 желтоқсандағы N 1719 қаулысына сәйкес директивті және орталықтандырылған несиелер 796,9
 Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 24 ақпандағы N 1578 U941578_ Жарлығына сәйкес мерзімі 2004 жылға дейін ұзартылған несиелер 1161,1

Қазақстан Республикасының 1996,1997 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Заңға сәйкес лизингтік қордың берілген қаражаты 1378,1
 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 сәуірдегі N 513 P970513_ және 1997 жылғы 29 мамырдағы N 901 P970901_ қаулыларына сәйкес берілген комбайндар бойынша берешек 1613,3
 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 маусымдағы N 938 P970938_ ; 1997 жылғы 21 шілдедегі N 1141 P971141_ және 1997 жылғы 4 тамыздағы N1209 P971209_ қаулылары бойынша берешек (Павлодар трактор зауыты) 300

Қазақстан Республикасының 1995, 1996, 1997 жылдардың республикалық бюджеті туралы заңдарына сәйкес шаруа қожалықтарын дамытуға 1995 жылдан 1997 жылдарға дейін берілген несиелер 384
 Қазақстан Республикасының 1998 жылға арналған республикалық бюджет туралы Заңына сәйкес лизингтік негізде бөлінген қаражат 529,1
 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 мамырдағы N 901 P970901_ қаулысына сәйкес "БАСФ"(Германия) және "Зенека-Өсімдіктерді қорғау"(Ұлыбритания) фирмаларына Алматы облысының борыштарын өтеу 200,5

Павлодар трактор зауытына 1997 жылы аударылған қаражат

245

Барлығы

11882,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК